

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ерте жас тобы				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	1 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.10 - 21.10.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы".				
Балалардың дербес	"Жуыну әдебі"	"Ойын бұрышы"	"Табиғат бұрышы"	"Үстел үсті бұрышы"	"Ойын бұрышы"

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды тізімдеп қоюға шақыру; еңбектің нәтижесі ретінде балапанның балаларға келуіне көңіл аудару. (дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл түсіне, құстардың жасыл өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)	Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығарытын сұрау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
	Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан	"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап,	Балапан ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық" Мақсат-міндеттері. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын	"Торғай не істейді?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп

	балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Қораз! Қораз! (сөйлеуді дамыту) Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. (Д. Ахметова)	(қатар отырған екі бала бірігіп) ойыншықты үстел үстімен жүргізіп, "құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру. Педагог балаға балапан ойыншын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Балапан ойыннан шаршады,	балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ-соқ.	дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық. - Тауықтың ішіне не жасырынған? - Қандай пішіндерді жинап алған?	(отыр, ұшты, шоқыды) немесе қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды. Балаларға сурет көрсетіліп, сұрақтар қойылғанда жауаптарды қайтарады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Торғай бізбен ойнайды, Торғай бізден сұрайды: - Мен не істедім? Жауап беріңдер,
--	---	---	---	---	--

		Балапанның қарны ашады. Не айтамыз балапанға? - Анаң күтіп қапты, Бас аяқты!			Орындарыңнан тұрып көрсетіңдер.
Таңертеңгі жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) <i>«Алақанымызды қыздырайық».</i> Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу. <i>«Тіземіз қайда?»</i> Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында. Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып. Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде. Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу. <i>«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз».</i> Бастапқы қалып: шалқалап жату. Ішке қарай аунап жату. Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау). <i>«Шалғынға қояндар келді».</i> Екі аяқпен секіру. Бірінші жаттығуды қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)				
Таңғы ас	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) Қасығымыз қайда? Табакшамыз қайда?				

	Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) Күн суық, Жаңбыр жауады. Жылы жаққа құс ұшады, Қанаттарын кең жаяды, "Қош!" - деп айтады. "Қош!" - деп айтады.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тышқанға дән жинаймыз" Мақсат-міндеттері. Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету. Қимылды ойын	Музыка "Бізге ән салып берші, Қораз" Мақсат-міндеттері. Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес	Дене шынықтыру "Допты қалай домалатамыз?" Мақсат-міндеттері. Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету. Ойын "Біз бидай	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Үйрекке арналған қиыршықтар." Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бөліктерін үзіп алуға, алақанның ортасына салып айналма қозғалыстармен есуді үйрету; оларды кесекке айналдыруды білуді жетілдіру; дайын жұмыстарды ұқыпты	Дене шынықтыру "Секіріп үйренеміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларды таспа (лента) мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, белгіге жауап беру қабілетін жетілдіру. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын

"Тышқанға арналған дэндер". Мақсат-міндеттері: доптарды жинап алып, шеңбердің ортасына тастауды үйрету. Педагог: - Балалар, тышқан қысқыға көп дэн жинайды. Қазір тышқандар сияқты дэн жинап ойнайық. - Тышқандар қандай дыбыс шығарады? Кім біледі? (пи-пи) Педагог залға ұсақ дэндерді (доптарды) шашып тастайды. Балалар сол дэндерді гимнастикалық шеңбердің ортасына тастайды (тышқанның іні). Тышқандар ініне дэн жинайды. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. "Ас атасы - нан" мақалының мағынасына қатысты түсініктерін кеңейту. Ойын "Тығылмақ". Мақсат-міндеттері. Балалар әуен ырғағына қарай қоңырауларда ойнайды, музыка тоқтаған кезде қоңырауларын артқа тығады. Әтеш іздейді. Музыканы еркін түрде таңдауға болды. (музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Фольклорға деген	егеміз". Мақсат-міндеттері: доптарды себетке жинауды үйрету. Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала пісірілген бидай мен дорбашаларды таратады. Бірінші топ бидай егіп жатқанын, ал екінші топ шашылған заттарды жинап жатқанын түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауын қатаң қадағалайды. Ойын кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Шашылып жатқан бидай мөлшері балаларға егін жинауға ыңғайлы болуы үшін аз болуы	орналастыруға, мүсіндеуге ынтасын ояту, құстарды жақсы көруге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Саусақ гимнастикасы. Қолымда добым бар (оң қолға допты қояды), Жұдырығымды жұмамын (қатты қысамыз), Жіберемін, қысамын (алақанды ашамыз), Алақанмен есемін (допты алақанмен есеміз). Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Кішкентай құстар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоныс аударатын құстар	"Мені қуып жет!" Мақсат-міндеттері: балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету. Ойынның барысы. Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сабина, Миша мені қуып жетіндер!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып, педагогті қуалай бастайды. Біраз жүгіргеннен кейін, педагог балаларға өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық бала педагогті қуып жетеді. (дене шынықтыру,
---	---	---	--	--

		қызығушылықты ояту, зейінін шоғырландыруға үйрету, ертегілер мен тақпақ-жаттамақтардың мазмұнына эмоционалды жауап беруге ықпал ету. Дидактикалық ойын. "Күзгі күн шуақтары". Мақсат-міндеттері: күзгі табиғатты сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Таспалардан жасалған күннің шуақтарының ұшына күз мезгілінің балаларға түсінікті белгілері бейнеленген суреттер бекітілген. Шуақтарын ашып, күздің белгісін айтып береді. Мысалы: жаңбырдың	керек. Бидайды жылдам жинап алған топ жеңімпаз атанады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, құстарды бақылау. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту және құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика) «Қай құстың қауырсыны екенін анықта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: зейінді дамыту, түстерді бекіту. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, құстар жылы жаққа ұшқан	сөйлеуді дамыту)
--	--	--	---	--	--------------------------------

		суретін көріп, жаңбыр жауады. Жапырақтардың суретін көріп, жапырақтар түседі немесе сарғаяды деп айтуы керек. Педагог балаларға бағыттау сұрақтарын қою, сөздерді қайталату арқылы көмектеседі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)		кезде қауырсындарын жоғалтып алыпты. - Мына қауырсындар қай құстың қанатынан түсіп қалғанын анықтайық. - Қарақұс қандай? Қарақұс қара түсті, ал аққу ақ түсті. Сендер мұқият қарап, ақ қауырсындарды аққуға, ал қара қауырсындарды қарақұсқа бекітулерің керек. - Жарайсыңдар, балалар! Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Құстарымыз өте әдемі шықты. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық				

	дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Шиқылдап жатқан нелердің дыбыстары? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру) "Құстар, құстар, келіңдер". Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар,	Ұшқан құстарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет, музыка) - Балалар, аспанға қарайықшы. - Бұлар не?	Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. - Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.	Ұшқан құстарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет) - Балалар, аспанға қарайықшы. - Бұлар не? - Иә, бұл құстар.

шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! (сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу) "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. Педагог: - Балалар, қазір аяқтарымызды нық	Әнді салып беріңдер. (Д. Ахметова) "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жан- жақтағы бағытта, бір- бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды, "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдармен	- Иә, бұл құстар. - Құстар топқа жиналып, жылы жаққа ұшып барады. - Аспанда бір ғана құс па? - Құстар көп, жарайсыңдар. Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. - Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.	Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып	- Құстар топқа жиналып, жылы жаққа ұшып барады. - Аспанда бір ғана құс па? - Құстар көп, жарайсыңдар. Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. - Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.
--	---	--	---	--

басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. (сөйлеуді дамыту,	бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан кейін балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. (Д. Ахметова) - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып кетіңдер! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға	"Қаздар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің	сыңғырлайды. Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.	"Қаздар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға
---	---	--	---	--

	дене шынықтыру)	пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)	соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет) С. Бегалин "Қазым".		болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) С. Бегалин "Қазым". Қазым, қазым, қалқылда,
--	-----------------	--	--	--	--

			Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш.		Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. (дене жаттығулар мен дене белсенділігі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын.				

	Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын-имитация. "Балапандар". Мақсат-міндеттері. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту. Балаларға балапандар бетпердесін (маска) кигізу. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)	Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу) Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың.	«Қораз» саусақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу) Қораз, қораз қоқылдақ Ерте-тұрар-қоқылдап Алтын айдар басында Ән салар үй қасында (алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашу, жоғары қарату)	«Қауырсынды аулау» жаттығуы Құрал-жабдықтар: қауырсындар. Мақсат-міндеттері. Педагог қауырсынды алып, оны ұшып кететіндей етіп үрлейді және баланы оны ұстап алуға шақырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)	«Үй құстары» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) «Қаз». Қаз тоқтамай қанқылдайды Жақындасаң шаңқылдайды (білек тік, алақан түзу, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады)

	Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау) Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау) Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде) Қанаттарды соғайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жаңбасын қағу) Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкейіп, мойын созу, қарама- қарсы аяқтың ұшына тұру) Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкейіп, мойын созу, қарама- қарсы аяқтың ұшына	Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. (Д. Ахметова)			
--	---	--	--	--	--

	тұру) Екі аяқта тұрып, Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу)				
Балалармен жеке жұмыс	Мақсат-міндеттері. Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. (Д. Ахметова) (сөйлеуді дамыту)	Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Балапан ойыншығымен ойнату. Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ- тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ- соқ. (сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуы. "Балапан". Мақсат-міндеттері. Балаларға балапан туралы саусақ жаттығуын жасату арқылы оның сыртқы бейнесі мен қылықтары жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; педагогтің соңынан қайталап қимылдарды саусақтармен жасау кезінде жағымды	Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей ұсақ кесектерді ұзу, жемді илеу әдісін игерту. "Құстарға жем". Жидектерді жұламыз, Себеттерге жинаймыз Себетіміз толғанда, Құстарға таратамыз. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)

				эмоцияларға бөленуге қызықтыру. Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: "Шиық- шиық". Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. (сөйлеуді дамыту)	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (дербес қимыл әрекеті, сөйлеуді дамыту)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (көркем әдебиет) Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. (сенсорика) Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. (сенсорика) Мақсат-міндеттері: балалардың қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка) "Қайдасың? Ку-ку!" ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды				

	эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын). Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады. Балалар біраз уақыт күтеді. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалда ұстап тұру. Біраз уақыт ештеңе болмайды. Балалар апайларын күтеді, өйткені орамалдың артынан шығады деп, оны күтіп отырады. Тәрбиеші пайда болған кезде балаларды шақырады. Сол кезде балалар қуанады. Балалар мен тәрбиеші күледі. Ойын осылай жалғаса береді. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу. «Бала өз ойыншықтарын жинағысы келмейді», «Жас балаларға саусақ ойындарының әсері», «Балаға серуендеудің пайдасы».